

Қазақстан Республикасының Кеден органдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 сәуір N 427. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен.

Қазақстанның халықаралық байланыстарының дамуы, шетелдік іскер топтардың республикада болып жатқан экономикалық үрдістерге зор ынта қоюы, мемлекеттің белсенді инвестициялық саясаты кеден органдарының мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін дамытуды қамтамасыз етудегі арттыруды талап е т е д і .

Өткен жыл тауарлардың экспорты мен импортының едәуір өсуімен сипатталды. 1995 жылы мемлекеттік шекара арқылы өткізілген жүк 93133 мың тонна болды. 1994 жылмен салыстырғанда шекара арқылы азаматтардың өтуі бір жарым есе көбейді (1177,1 мың адам).

Осыны ескере отырып, Үкімет кеден органдарын күшейтуге айтарлықтай назар аударып келді. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті құрылғаннан (1995 жылғы 1 сәуірден) бері кеден органдары нығайтылып келді: облыстық кеден басқармаларында акциздік кеден күзеттері мен бөлімдері құрылды, Алматы қаласында "Атакент", "Теміржол-Терминал" кедендері құрылды. Кеден одағын құрудың бірінші кезеңі аяқталды: одақ мүшелерінің заңдарын жүйелеуге қол жетті және бірыңғай тарифтік ставкалар белгіленді; Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының Кеден қызметінің өкілдігі ашылды.

Әйткенмен де Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығымен жүктелген міндеттерді іске асыру жөніндегі қызметі қойылып отырған талаптарға сай келмейді.

Жоғарыда аталған Жарлықта кеден органдарының негізгі міндеттері ретінде белгіленген Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізген кезде экономикалық қауіпсіздікті қорғау, рұқсат ету тәртібін сақтау толық көлемінде қамтамасыз етілмей отыр, осыдан барып мемлекетке едәуір материалдық нұқсан келуде.

Кеден бақылауын ұйымдастырудың нашарлығы, ал кейде кеден қызметкерлерінің тікелей қара басын ойлауы республиканың ұлттық байлығы болып табылатын тарихи құндылықтар мен шикізатты шетелге заңсыз шығаруға ә к е л і п с о ғ у д а .

Республиканың экономикалық мүдделерін қорғауға, кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізген кезде белгіленген тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуде, контрабандамен және кеден ережелерін бұзумен күрес жүргізуге тиісті кеден органдары тарапынан заңдылықтың бұзылуы, немқұрайлылық пен қызмет бабын теріс пайдалану арылмай отыр.

Жүктер мен қол жүгін жете тексеруді ұйымдастыруда тәртіптің жоқтығы мемлекет мүддесіне едәуір нұқсан келтіруде.

Осының бәрі Қазақстан Республикасының кеден органдарының қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздерін жүзеге асыруда елеулі олқылықтардың бар екенін көрсетеді.

Кеден баждары мен міндетті төлемдерді өндіру жөніндегі жұмысқа жасалған талдау олардың едәуір бөлігінің бюджетке түспейтінін көрсетеді. Үстіміздегі жылдың ақпан айының үш күні ішінде ғана "Астана" кеденіндегі күшейтілген бақылау кезінде 5 миллион теңге кеден баждары мен салықтары бюджетке түсті, ал бүкіл қаңтар айында 4,3 миллион теңге ғана болған еді.

Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің қызметіне қаржы бақылау органдары жүргізген тексерулер қаржы тәртібінің өрескел бұзылғанын және басқа жолсыздықтардың бетін ашты. Кеден қызметтері кеден күзеттерінде жете тексеру кезінде тәртіптен мүліктер мен құндылықтарды сату және оларды сатудан түскен қаржыны бюджет кірісіне төлеу тәртібін жиі бұзып отырған.

Қазақстан Республикасының Кеден комитетінде кадрларды іріктеу мен орналастыруда қолайсыз жағдай қалыптасқан.

1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің құрылымында парақорлықтың, контрабанданың, қызмет бабын теріс пайдаланудың және басқа заңға қарсы әрекеттердің 78 фактісі ашылды, ал 1996 жылдың 3 айы ішінде кеден қызметкерлері жасаған 26 қылмыс ашылып отыр.

Пара алуға, кеден қызметкерлерінің кеден бажын төлеу жөніндегі белгіленген нысандағы түбіртектерді ресімдемей қол жүгін беруіне, тасылатын жүктің нақты санын азайтып көрсетуіне, жүк тасымалы үшін салықтарды төлегені туралы жалған түбіртектер жасауына байланысты және басқа қылмыстар неғұрлым жиі жасалуда.

Мемлекет басшылығы Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің кадр құрамын сауықтыру жөнінде шаралар қолданып келді: кеден қызметкерлерін кезектен тыс аттестациялау өткізілді, Ресей Федерациясымен Қазақстан кеденшілерін Ресей Кеден академиясында оқыту жөнінде уағдаластыққа қол жетті.

Әйткенмен де кеден қызметі орталық аппаратының кадр саясаты өзінің атына кір келтірген қызметкерлерді іріктеп алуға негізделіп отыр.

Кеден органдарында тәртіптің жай-күйіне әсер ететін факторлардың бірі

олардың қызметін реттеп отыратын құқықтық базаның жетілмегендігі болып
т а б ы л а д ы .

Іс жүзінде қазіргі кезде кеден органдарының құқықтық мәртебесі, қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мен материалдық ынталандыру заңмен белгіленбеген. Бүгінгі таңда мемлекеттік кеден қызметі туралы заң актісін әзірлеп, қабылдау қажеттігі күшті сезіліп отыр.

Қазақстан Республикасында Кеден саясатын жүзеге асыруды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі Заң күші бар N 2368 Жарлығын орындау жөніндегі жұмысы қанағаттанарлықсыз деп танылсын.

2. Жұмыстағы елеулі олқылықтары мен қателіктері үшін:

Қазақстан Республикасының Кеден комитетінің төрағасы Е.Ж. Дербісовке
с ө г і с ж а р и я л а н с ы н .

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті төрағасының орынбасарлары В.В. Шкляр және Р.К. Куватов қызметтерінен босатылсын.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті:

Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша кеден басқармаларының басшыларын қызметтен босатсын;

екі апта мерзімде Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстарындағы кеден басқармаларының "Харгос" кедені басшыларын оларды қызметтерінен босатуға дейін тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені шешсін.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің белгіленген тәртібі мен шарттарын мүлтіксіз сақтауды қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

Кеден төлемдері мен салықтарын толық алуға қол жеткізсін;

Кеден баждарын төлеу жөнінде негізсіз мерзімін кешіктірулерге тыйым с а л с ы н ;

Кадрларды іріктеу мен орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды тү б е г е й л і қ а р а с ы н .

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.09.04. N 1084 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті "Темір-Жол-Терминал", "Астана" және автожүк кеденін Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша кеден басқармасының бағынысына берсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.04.22. N 492 қаулысымен .

5. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті тікелей өнеркәсіп

кәсіпорындарында тиісті кеден органдарының жанындағы кеден қоймаларын құру жөнінде шаралар қабылдап, олардың құрылуы туралы 1996 жылдың 1 маусымына дейін Үкіметке мәлімдесін.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Кеден комитеті "Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік кеден қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Үкіметке белгіленген тәртіппен 1996 жылдың 1 қыркүйегіне дейін енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүктерді ілесе алып жүруді, тауарларды жеткізу мен статистиканы автоматтандыру үшін "Хайран" рентген аппаратурасын сатып алуға Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне қажетті қаражат бөлсін.

8. Қазақстан Республикасы Аппаратының Басшысы кеден органдарының басшы қызметкерлерін тағайындаудың келісу тәртібін әзірлесін.

9. Тексеру материалдары Қазақстан Республикасының тергеу органдарына берілсін.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Қорғаныс және құқық тәртібі бөліміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі